

Ж.А. Ағабекова*, А. Маликов

Назарбаев Университеті, Астана, Қазақстан
(E-mail: zhazira.agabekova@gmail.com; akzhol.malikov@nu.edu.kz)**Некронимдердің сакралды трансформациясы**

Ғылыми ортада қасиетті орындарды зерттеумен түрлі сала мамандары айналысады. Географиялық нысанның қасиетті орынға айналуының негізінде елдің мәдениеті мен салт дәстүрі, ырым-тиымдары, діни түсініктері жатады. Халықтар арасындағы мәдениеттердің көрінісі де сакралды орындарда кездеседі. Мақалада аталған некронимдік трансформация үдерісінің ономастикалық іздері анықталып, жалпы әлемдік үдеріс пен оның Қазақстандағы жағдайы туралы айтылған. Жұмыстың негізгі мақсаты — қазақстандық сакралды нысандар атауларындағы трансформацияның дүниежүзілік үдерістің бір көрінісі екендігін және осыған байланысты жергілікті сакралды объектілердің мағыналық (этимологиялық) классификациясын құрастыру. Зерттеу объектілері ретінде Қазақстан аумағындағы жергілікті мазарлар мен зират кешендерінің, түрлі кесенелер мен мемориалды нысандардың атаулары, сондай-ақ, «Қазақстанның киелі жерлері картасы» бағдарламасы аясында зерттеліп жатқан некронимдер алынды. Сонымен қатар мақалада агиотопонимдер құраушы лексикалық қор сараланған. Олардың лексика-семантикалық мағынасы талданған. Тақырыпты ашу мақсатында ғаламторлық және жалпыға мәлім ақпараттар мен тұжырымдамаларды, сондай-ақ тарихшылар мен филологтардың осы тақырыптағы көзқарастарын және некронимдерге байланысты тарихи мәліметтер мен бүгінгі жағдайлары туралы деректер жинастырылып, салыстырмалы әдіс арқылы тұжырымдар жасалған.

Кілт сөздер: некронимдер, сакралды трансформация, сакралды нысандар (объектілер), кесенелер, зират кешендері, діни мифология.

Kipicne

Ономастиканың үлкен бір саласы топонимика болса, қазіргі уақытта оның зерттеу саласы кеңейіп, атаулар саны арта бастады. Топонимдер географиялық терминдер ғана емес, олардың семантикасы мен этимологиясы мәдени және тарихи ақпараттар береді. Топонимдердің жаңа саласының бірі — агиотопонимдер. Агиотопоним термині ежелгі грек тіліндегі — «агиос» — «қасиетті», «тақуа», «әділ», «киелі» және «топос» — «жер»+«ономо» — «есім», «атау» сөздерінің бірігуінен жасалған. Яғни, «қазақ тілінде киелі жер атаулары» деген мағынаны білдіреді [1, 236].

«Қасиетті орындар» түркі халықтарының тарихында маңызды орын алады. Көшпелі өмір салтын ұстанатын және мал шаруашылығымен айналысатын қазақтар марқұмды құрметтейді, зираттарды күзетеді, жануарлардың аяққа баспауын қамтамасыз етеді. Қазақтар мұндай жерлерді «қасиетті» деп санайды. Қазақстандық ғалым-тарихшы «қасиетті» (қасиетті) сөзінің шығу тегі дінмен, діни ұғыммен тікелей байланысты екенін атап өтіп, оның этимологиясы мен қолданылуы туралы мәлімдейді [2]. Латынның «sacralis», «sacer» сөзінен шыққан. Бүгінгі таңда барлық дерлік еуропалық тілдерде қасиетті мағынасы сақталған [3]. Сакралды термині сөз болғанда некронимдер, агионимдер туралы міндетті түрде айтылады. Некронимдер — ономастиканың үлкен саласының бірі. Некронимдер — қайтыс болған адамдардың жерлерін белгілейтін топонимдердің бір бөлімі. Бүгінгі әлем мәдениеттерінің қай-қайсысында болмасын, өмірден өткен адамның денесін не денесінің қалдығын жерлеп, белгілі бір атау — некроним арқылы белгілеу әдет-ғұрпының болуы сирек құбылыс емес. Некронимдер қатарына жекелеген мазарлар, кесенелер, елдімекендерге қарасты жергілікті зират кешендері мен ортақ мазар кешендері (братские могилы) жатады. Алайда, бұл нысандардың бірегейі жалпы некронимдік мағынадан бөлек, бүгінгі таңда қосымша қасиетті немесе сакралды мәндерге де ие. Демек, уақыт өте келе аталған нысандар өздерінің негізгі қызметтерінен — қайтыс болған адамның жерленген орнын көрсетуден басқа, қоғам мүшелері арасында тарихи, саяси, идеологиялық, әдеби және туристік стратегиялық маңыздарға да ие болған. Бұдан әрі қарай осы мақалада некронимдік трансформация процесінің ономастикалық іздерін анықтап, Қазақстан мен басқа да елдердегі көрінісі айтылады. Зерттеу жұмысының потенциалды жаңалығы — некронимдерді қасиетті

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: zhazira.agabekova@gmail.com

орындар түрінде қабылдау трансформациясындағы Қазақстандағы саяси жағдайдың, жалпыхалықтық идеология мен тарихи кезеңдерге қарасты белгілі көзқарастар рөлдерінің анықталуы.

Деректері мен әдістері

Ғалымдардың арасында осы терминдердің нақты беретін мағынасы мен түрлері туралы әрқилы пікірлер бар. Ғылыми зерттеу еңбектерінде агиотопонимдер туралы алғашқы зерттеу жұмыстары ретінде неміс ғалымы Рудольф Оттоның еңбектеріне сілтеме жасалады. Рудольф Оттоның берген тұжырымына орай, сакралды ұғымының негізінде де діни таным мен түсінік бар [4]. Агиотопонимдердің географиялық менталдылығындағы көрінісі туралы жазған Ирина Владимировна Бугаева «Сакралды» ұғымының тікелей дінмен байланысты екенін айтады [5]. Америкалық ғалымдар С. Park, E. Gaustad «Сакралды географияның» дінмен байланыстылығын айта келе, олардың картасының маңыздылығын көрсетеді [6]. Коренева Юлия Викторовна «Онимы в концептосфере преподобнического жития» атты мақаласында агитопонимдерді агинимдердің бір саласы ретінде қарастырады [7; 11]. Қасиеттіліктің мағынасын концептілейтін онимдер агинимдер деп аталады, олар «Құдайдың рақымы немесе қасиеттілігі мадақтау немесе қасиеттілік дәрежесі арқылы адамдарды немесе объектілерді атауға қызмет ететін құрама атау» деп түсіндіріледі. Автор өзінің осы мақаласында И.В. Бугаеваның мақаласына сілтеме бере отырып, жалпы агитопонимдерді агиографиялық концептосферадағы агинимдерді қасиеттілікті жүзеге асыру векторлары бойынша 3 топқа бөліп қарастыратындығын, агитопонимдер солардың бір бөлігі екендігін жазады [7; 12].

Қазақстандық тарихшылар мен филологтар арасында аталған тақырыпта ғылыми үлгіде жазылған зерттеу жұмыстары соңғы жылдары жарық көре бастады. Қазақстанда сакралды орындарды ғылыми бағытта зерттеу соңғы жылдары қолға алынып, оларды зерттеудің ғылыми концепциялары анықтала бастады. Ж.М. Мәкімбай «Сакралды орындар мен кеңістікті зерттеудің әлеуметтік өмірге қажеттілігі» атты ғылыми мақаласында сакралды орындарды үш типке (жануарлар ортасы яғни адам баспаған жер, белгілі бір тарихи мағынасы бар орын, тұлғалар жатқан мазарлар) бөлуге болатынын айтады [8; 118].

«Перспективы развития сакрального туризма в Казахстане» атты орындарды туризмге айналдырудың жолдары туралы да зерттеу мақала жарық көрген. Онда авторлар әлемдегі сакралды орындардың туризмді дамытуға әсерін айта келе, Қазақстандағы туризм орталықтарына айналдыруға болатын қасиетті орындар тізімін көрсетеді [9; 106]. Зерттеу жүргізу барысында қазақстандық қасиетті орындардың тізімін табу мәселесі тұрды. Қазақстанның экс Президенті Н.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақала жариялап, соның негізінде «Қазақстанның киелі жерлері» атты жоба жасалған [10]. Ол жоба бойынша Қазақстанның киелі жерлерін анықтап, тізімін жасау және мемлекет тарапынан қамқорлыққа алуды ұйымдастыру айтылды. Жоба бойынша өңірлердің қасиетті жерлері анықталып, кітаптар шығарылды. Мысалы, «Қасиетті Қазақстан» атты энциклопедияда Астана мен Алматы қалаларының және Ақмола мен Алматы облыстарының киелі жерлері, тарихи оқиғаларға байланысты қасиетті орындары, табиғи ландшафттық ерекше ескерткіштері, ұлттық құнды мәдени мұралар туралы толық ақпараттар берілген [11]. Сол сияқты облыстардың «сакралды карталары» жасалды. Зерттеу барысында қасиетті орындар атаулары негізінен осындай еңбектерден алынды. Сондай-ақ тарихшылар мен филологтардың белгілі тақырыптағы көзқарастарын, тарихи мәліметтер мен бүгінгі жағдайлары туралы деректерді жинастыру әдісі қолданылды. Зерттеу *объектілері* ретінде Қазақстан аумағындағы жергілікті мазарлар мен зират кешендерінің, түрлі кесенелер мен мемориалды нысандардың атаулары, сондай-ақ «Қазақстанның киелі жерлері картасы» бағдарламасы аясында зерттеліп жатқан некронимдер алынды. Ғалым Мадиева Гульмира Баянжановна мен Супрун Василий Иванович антропонимдердің топонимдерге, керісінше, топонимдердің антропонимдерге ауысу процесі жиі болатындығын айтады [12, 128]. Ономастикада «трансонимдену процесі» деп аталатын термин бір онимнің екінші онимдік разрядқа көшу арқылы жаңа разрядтың пайда болуын білдіреді. Трансонимдену әдісі агиотопонимдерде көп кездеседі. Жұмыста осы әдістің разрядтар арасындағы көрінісі де айтылады.

Тақырыпты ашу мақсатында негізгі лингвистикалық әдістермен қоса, құрылымдық, форманттық, сөзжасамдық талдау тәсілдері қолданылды.

Нәтижелер мен талқылануы

«Қасиетті әлем: География және Дін негіздері» еңбегінің авторы Крис Парктың зерттеулеріне сенетін болсақ, әлем діндерінің қайсысында болмасын, кез келген некронимдердің сакралды немесе

қасиетті жерлерге айналып кетуі — тарихи көзқарастан қарағанда әжептәуір ұзаққа созылатын және кейбір жағдайларда органикалық, яғни табиғи үлгіде емес, сыртқы факторлар тарапынан көрсетілетін қысым арқылы дамитын үдеріс [6]. Кез келген некронимдік нысанның сакралды орынға айналуы тек ол объектілердің жергілікті халық арасында немесе халықаралық дәрежеде рөлін анықтап, белгілі бір мәдениет пен жалпы индустрияның дамуына алып келіп қана қоймайды. Керісінше, белгілі тарихи, саяси немесе діни-мәдени факторларға қарай, сол некронимдердің атауларында өз таңбаларын қалдырып, сакралды орындардың қоғамдағы рөлін анықтауға, айшықтай түсуге я өзгертуге өз септігін тигізеді. Осы орайда, аталған трансформация үдерісінің тек қана көшпенді мәдениетке, қазақ қоғамына немесе ислам әлеміне ғана тән ерекшелік емес екіндігін түсіну аса маңызды. Әлемдік тәжірибеде де, көптеген сакралды нысандарға бай қоғамдарда да, некронимдердің белгілі бір факторлардың аясында қасиетті жерлерге айналуы және осыған орай атауларының да бейімделуі кеңінен таралған. Атап айтқанда, некронимдердің бірқатары мемлекеттік және халықаралық дәрежедегі белгілі қайраткерлер, саясаткерлер немесе тарихи тұлғалардың есімдері ретінде ешбір қосымшасыз үлгіде заңдастырылған. Мәскеудегі Ленин кесенесі (мавзолейі), Париждегі Франсуа де Лашез атындағы зират кешені мен Вьетнамдағы Хо Ше Мин кесенесі мысал бола алатын бұл нысандардың ономастикалық ерекшелігі негізгі адам атауының белгілі бір дәрежеде феноменалды, құрметті және танымал болуы арқасында «қасиетті» болып қабылдануында жатыр [13]. Ал Кипрдегі «Патшалар зираты», Мысырдағы «Хандар жазығы» зират кешендері атауларындағы лексикалық ерекшеліктен бұл объектілердің тек қана бір адамның немесе топтың қадір-қасиетіне емес, тұтас патшалықтар немесе мемлекеттердің дәрежелері мен саяси күштеріне сілтеме беріп тұрғанын түсінуге болады. Бұдан бөлек, сакралды нысандардың енді бір тобы өз атауларын белгілі бір топонимнен, яғни қаланың өзінің немесе шағын ауданының атауынан алады. Бұл тізімге Лондондағы Хайгет, Вашингтондағы Арлингтон зират кешендерін жатқызуға болады. Яғни, белгілі бір қоғамдық және саяси жүйелердегі ұстанымдар некронимдердің сакралды нысандарға айналу үдерісіне ұдайы әсер етіп қана қоймай, сол атаулардың этимологиялық тарихынан және белгілі тарихи кезеңдердегі жалпыхалықтық пікірлерден сыр шертеді [13].

Қазақстандық үдеріс

Қазақстандық некронимдердің арасында да аталған трансформация үдерісінен өтіп, бүгінде жергілікті, ұлттық, тіпті халықаралық дәрежелерде де үлкен маңызға ие тарихи және мәдени сакралды объектілерге жатқызылып жүргендері аз емес. Бұл нысандар қоғам мүшелері тарапынан аңыздар мен түрлі мифтік әңгімелерге арқау болып, жекелей өңірлердің немесе облыстардың стратегиялық мәдени нысандары қатарларына жатқызылып жүрсе, біразы мемлекеттік киелі жерлер карталары мен арнайы тізімдерге еніп, БҰҰ сияқты халықаралық ұйымдардың тарапынан да қолдауларға ие болып жүр. Бұл объектілерді қабылдаудың бұндай институцияландырылғандығына қарамастан, әлемдің өзге де өңірлеріндегідей, Қазақстандағы сакралды нысандардың бүгінгі атаулары да трансформациялық үдерістің негізгі түп тамыры мен сол тарихи кезеңдегі қоғам мүшелері мен саяси жүйенің ұстанымдары мен түсініктеріне байланысты түрлі лексикалық құрылыстар мен өзіндік ерекшеліктерге ие.

«Ана», «ата» немесе «ене» сөздеріне негізделу

Бұл тізімнің ең ауқымды әрі өзіндік ерекшеліктерге толы тобы — «ана», «ата» немесе «ене» сөздерімен қатар тұра, қос сөздер ретінде жазылып жүрген сакралды нысандар. Аталған топқа *Гайһар ана, Ибраһим ата, Қарашаш ана, Домалақ ана, Шопан ата, Қараман ата, Масат ата, Шақпақ ата, Сұлтан ене, Оқшы ата, Қорасан ата, және Ырғызбай ата кесенелері, Ұкаш ата мазары, Исмайл-ата сәулет кешені, Пір Бекет немесе Бекет ата жерасты мешіті мен зираты кешені, Сисем ата және Ұшқан ата қорымдары, Төлегетай-Қылышты ата кешенді-мазары, Бегім ана мұнарасы және Қорқыт ата мемориалды кешендері және тағы да басқа объектілер жатады [14]. Бұл нысандардың өзге топтардан басты ерекшелігі ретінде бұл атаулардың қайсысы болмасын өз төңірегіндегі қоғам мүшелері арасында кеңінен таралған мифтерге, жартылай тарихи әңгімелер мен ертегі-аңыз сюжеттеріне негіз болып жүргендігін айтуға болады. Яғни, аталған тізімдердегі көптеген атаулар көне түркі тарихынан бастау алатын «әулие-әнбие» концепті мен Қазақ хандығына дейінгі Ислам дәуірі кезеңіндегі «қасиеттілік», «емшілік», «көріпкелдік», «құтқарушы» мен «діндардық» принциптеріне жақын. Профессор Өмірзақ Озғанбаевтың сөзінше жоғарыда аталған «ана» және «ата» сөздерін қосу ұғымының өзі де бастапқыда ислам кезеңіне дейін өмір сүрген, халық ауыз әдебиеті мен тәңіршілдік ұғымдарында ерекше сиқырға немесе қасиетке ие тұлғаларды пір тұтудан және*

жалпы ғажайыпқа сенуден бастау алған болуы керек [15]. Бұған *Ұмай ана, Қызыр ата, Қамбар ата, Жылаған ата, Қоңыр әулие* ұғымдарының күні бүгінгі дейін қазақ әдебиеті мен мифологиясында кездесуі үлкен дәлел болғанымен, Қызылорда өңірінде орналасқан Қорқыт ата мазары исламданбаған «ата», «ана», және «ене» сөздеріне негізделген некронимдер тізімінің сирек мысалы болып отыр. Ал бұл топтың өзге де өкілдеріндегі «ата»/«ана» сөздеріне келетін болсақ, профессор Озғанбаев бұл феноменді ислам дінінің түркі тайпаларының тәңіршілікке негізделген қабылдауларымен сабақтасып кету үдерісімен (діннің жергілікті мәдениетке бейімделуімен) түсіндіруге болады деп есептейді. Демек, «ата», «ана» сөздерін қасиетті, құтқарушы және феноменалды тұлғалармен байланыстырып келген түркі тайпалары, ислам дінінің қазақ даласына таралуымен бірге аталған ұғымдарды енді діни үлгідегі қасиеттілік пен діндарлық принциптеріне негізделген мифтік тұлғаларға байланысты қоя бастаған. Бұл кезеңге XXII ғасырға дейінгі Әулие ата күмбезі, Үкаш ата мен Қайып ата мазарлары, Гауһар ана мен Оқшы ата кесенелері де, сәл кейінірек салына бастаған және негізінен ислами негізде және мифологияда танымалдылыққа ие Ырғызбай ата, Домалақ ана және Ибрагим ата кесенелері, Исмаил ата кешені, Төлегетай-Қылышты ата кешенді мазары мен өзге де нысандар жатады [14]. Сондықтан, бұл топтың басым көпшілігі ислам дәуірінің некронимдеріне жататындығына қарамастан, бұл объектілердің төңірегіндегі қасиеттілік, емшілік және діндарлық принциптерінің түпкі тамырында происламдық тәңіршілік дәуірінің ғажайып пен сиқырға, әулие мен құтқарушыларға деген сенімдері тұрғандығы олардың әдеби және мәдени сипаттамаларынан ғана емес, сондай-ақ атауларындағы «мифтік» қосымша сөзден де белгілі болып тұрғаны сөзсіз.

Исламдық кірме сөздерге негізделу

Халық арасында сөзсіз қасиетті және киелі жерлерге айналған некронимдердің келесі тобы — ономастикалық тұрғыдан қарағанда нақты ислами, яғни діни мағынаға ие сакралды объектілер. Бұл нысандар қатарында Қожа Ахмет Яссауи кесене-кешені, Рабия Сұлтан Бегім, Арыстан баб, Баба Түкті Шашты Әзіз, Айша бибі мен Бабаджа Хатун кесенелерін қарастыруға болады [14]. Аталған сакралды объектілер де, бірінші бөлімдегі некронимдер тәрізді ислам дінінің Қазақстан жерінде таралуы, оның дамуы мен шарықтауы сияқты үдерістермен тікелей байланысты болғанымен, тәңіршілдік көзқарастың қалдығы болып есептелінетін «ата/ана» қосымша сөздерінің орнына таза ислами, түркі тілдерінің лексиконы мен тіпті үндестік заңдарына жат жаңа қосымша сөздердің қосылуымен ерекшеленеді. Атап айтқанда, бүгінгі Қазақстан үшін үлкен мәдени маңызға ие болғандығы мен көптеген қазақ халқының тарихи тұлғалары жерленіп жатқандығына қарамастан, «Қожа Ахмет Яссауи кесене-кешені» атауынан бұл некронимнің сопылық мәдениеттің өкілі «қожаға», қазақ ономастикасының араб тілді қабатындағы «Ахмет» есіміне және ортағасырлық Ясы қаласына тікелей байланысы бар екендігін тарихи фигурамен таныс болмай жатып та түсінуге болады. Бұдан бөлек, «Түркістанда түмен баб, ең үлкені Арыстан баб» сөз тіркесінде айтылғандай, «баб» сөзінің негізінен діни әулиелерге бағытталатынын түсіну арқылы Арыстан баб кесенесі атауында да ислами мәдениеттің лебі бар екендігін көре аламыз. Ал өзге некронимдердегі арабтық «әзіз» сөзі, парсылық «бибі» және қазақ тілінде «қатын» баламасы бар «хатун» сөздерінің болуынан-ақ, аталған сакралды объектілердің ислам дінінің таралу географиясына тікелей қатысы бар екендігі көрсетілген тәрізді. Яғни, бұл топтағы сакралды нысандардың негізінен оңтүстік өңірлерде, яғни Түркістан мен Жамбыл облыстарында орналасуынан Қазақстан жеріне ислам дінінің оңтүстік бағыттан таралуының, оңтүстік өңірдегі қала мәдениетінің Ресей патшалығы тұсындағы бекіністерден әлдеқашан бұрын дамығандығының және бүгінгі күні оңтүстік аймақтардағы халықтың жалпы діни сауаттылықтары мен белсенділіктерінің жоғары болуының айқын көріністерін сезуге болады. Сонымен қатар, «ата/ана» қосымша сөздері бар некронимдер көп жағдайларда аудандық, өңірлік және тайпалық маңыздағы нысандар болса, ислами сөздермен «көмкерілген» бұл сакралды нысандар тобы ұлттық (мемлекеттік) және халықаралық (ЮНЕСКО ұйымы, Түркі кеңесі және т.б.) дәрежедегі нысандар болып табылады. Бұдан некронимдік трансформация үдерісінің келесі бір сипаттамасын, тарихи, мәдени және діни факторлардың жалпы үдеріске орасан зор әсер қалдыратындығын көре аламыз. Өз кезегінде, бұл бүгінгі Қазақстандағы қоғамдық және саяси жағдайлардың да, бұған дейінгі Қазақ хандығы мен Қазақ КСР заманындағы жалпыхалықтық түсініктердің де көнетүркілік тәңіршілік ұғымдардан гөрі, ислам мәдениетін қазақ халқы үшін ортақ және байланыстырушы қасиетке ие құрал ретінде қарастырғандығын көрсетеді.

«Жаңа қазақстандық» құрылымға негізделу

Алайда, діни негізде қасиеттендірілген некронимдерден бөлек, трансформацияға ұшыраған сакралды объектілердің келесі бір тобы — белгілі бір тарихи, саяси немесе туристік принциптерге негізделі қасиетті жерлерге айналып үлгерген я айналып жатқан зираттар мен мазарлар. Бұл тізімнің қатарында — *Қарасай* және *Ағынтай* батырлардың күмбезі кешені, Қобыланды батыр күмбезі, Есім хан кесенесі, Жошы хан күмбезі, «Хан моласы» зират кешені, Қабанбай батыр кесене-қорымы, Райымбек батыр кесенесі, Тама Есет Көкіұлы кесенесі, Махамбет Өтемісұлы кесенесі, Амангелді Имановтың бейіті, Әбдіғаппар және Кейкі батырлар кешені, Ыбырай Алтынсарин кесенесі, Жамбыл Жабаев кесенесі, Міржақып Дулатов кесенесі және өзге де объектілер [14]. Бұл нысандардың бірегейі Қазақ хандығы тұсында аса маңызды титулдық рөлдер атқарған «хан» және «батыр» ұғымдарымен қосыла жазылған болса, енді біреулері аталған тұлғалардың статустық ерекшеліктерін айқындап тұратын тектері (фамилиялары) мен әкелерінің аттарымен (отчестволарымен) қатар жазылуда. Олардың қасиеттіліктері мен тарихи ерекшеліктері ретінде жалпы түсініктегі мифтік-сиқырлылық, я діни әулиелік принциптерге емес, керісінше көбінесе пост-отаршылдық және жаңа замандағы Қазақстан дәуірінің саяси және мәдени маңыздылықтарын арттыру идеяларына жақын болуын айтуға болады. Кембридж университетінің докторанты, әлеуметтанушы Диана Құдайбердиеваның пікірінше, Қазақ хандығы кезеңіндегі және ерте кеңестік эрадағы тарихи тұлғаларды айшықтау және олардың жерлеу орындарын қайта жаңғырту, яғни «ұлықтау» — тәуелсіз мемлекеттің өз тарихы мен мәдениетін ертерек пайда болған институцияланған саяси жүйелердің мирасқоры ретінде қабылдауына оң әсер беретін үдеріс [16]. Бұл үдерістің көрінісі ретінде аталған некронимдердің дәл осы қалыптарында заңды атауларға ие болуынан, әрі ҚР Ұлттық музейі жанындағы «Қазақстанның киелі жерлер картасы» жобасының негізгі зерттеу объектілері болып тағайындалып, ерекше саяси стратегиялық және идеологиялық маңызға ие болуынан көруге болады. Демек, бұл топтағы некронимдердің жалпыұлттық қасиетті жерлерге айналу трансформациясы толығымен аяқталған үдеріс емес, керісінше, саяси және қоғамдық жүйе мен жалпыхалықтық идеологиялық бағыттың өзгеруіне байланысты үлкен толықтырулар мен қысқартуларға ұшырауы әбден мүмкін үдеріс. Дегенмен, бүгінгі пост-отаршылық санадағы тәуелсіз қазақ қоғамы арасында «хан» және «батыр» сөздерімен қоса айтылатын және «есімі, тегі/әкесінің аты» жүйесіне сәйкес келетін некронимдердің дәл алдыңғы екі топтағыдай үлкен мағыналық трансформация үдерісінен өтіп, мифологиялық-діни емес, тарихи-мәдени және қоғамдық-саяси маңызға ие сакралды объектілерге айналып келе жатқандығын көруге болады.

Қорытынды

Жұмысты қорытындылай келе, әртүрлі мағыналарда діни немесе тарихи, саяси және өзге де себептермен қасиетті саналатын некронимдердің барлығының белгілі бір сакралды трансформация үдерісінен өткенін айтуға болады. Аталған трансформация үдерісі жерлеу орындарының қоғам мүшелері арасында қабылдауын ғана өзгертіп қоймай, сонымен қатар, олардың аталуында, некронимінде, өзіндік ерекшелігі мен кей жағдайларда өзгеше құрылыс түрі ретінде ономастикалық ізін қалдыратындығын да ұмытпауымыз керек. Осы тұрғыда қазақстандық некронимдердің сакралды трансформациясы дүниежүзілік үдерістің бір бөлігі ғана екендігі және бұлардан өзге әлемдегі танымал некронимдер арасында да аталған үдерістің айқын ономастикалық көріністері бар екендігі айтылды. Қазақстандық некронимдерге келгенде, олардың арасындағы ең ауқымды әрі ең танымал тобы ежелгі түркілік тәңіршілік мифологияларына және исламның жергілікті наным-сенімдерімен сабақтаса сіңісуіне негізделген «ата», «апа» және «епа» сөздеріне байланысты некронимдер екендігі қарастырылды. Бұдан басқа, таза ислами кірме сөздерге және «жаңа қазақстандық» құрылымға — «хан», «батыр» сөздері және «есімі, тегі/әкесінің аты» үлгілеріне негізделген некронимдер де зерттелді. Ислами некронимдердің діннің таралуымен байланыс және исламның бүгінгі қоғамдық жағдайдағы рөлі туралы сөз қозғалған болса, «жаңа қазақстандық» құрылымның негізі тәуелсіз Қазақстанның өзін Қазақ хандығы және Қазақ КСР-нің мирасқоры ретінде көрсетуі деп тұжырымдалды. Осылайша, тарихи кезеңдер, қоғамдағы діни және мифологиялық сенімдер, әрі белгілі бір саяси жүйелер мен идеологиялық принциптер некронимдердің сакралды трансформациясы үдерісіне ономастикалық тұрғыда үлкен әсер ететіндігі көрсетілді. Дегенмен, дәл қазіргі Қазақстанда болып жатқан және алдағы жаһандану үдерісі кезеңіндегі қоғамдық өзгерістерге байланысты сакралды трансформацияның нақты классификациясы мен сипаттамалары қарастырылмағандықтан, бұл тақырыптың кей тұстары әлі де ашық қалып, ауқымды және тұжырымды ғылыми зерттеулерді қажет етеді.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Подольская Н.В. Словарь русской ономастической терминологии / Н.В. Подольская. — М., 1978.
- 2 Әбжанов Х. Сакралды география. Ол не? [Электрондық ресурс] // Егемен Қазақстан, 2018. — 18-ақпан. Қол жеткізу режимі: <https://egemen.kz/article/165526-sakraldy-geografiya-ol-ne>
- 3 Киелі ме, сакралды ма? // «Астана ақшамы», 2019. — 1 қазан. — Қол жеткізу режимі: <https://astana-akshamy.kz/kieli-me-sakraldy-ma/>
- 4 Отто Р. Священное. Об иррациональном в идее божественного и его соотношении с рациональным / Р. Отто. — СПб.: Изд-во СПбГУ, 2008. — 274 с.
- 5 Бугаева И.В. Сакральная ономастика в религиозном дискурсе [Электронный ресурс] / И.В. Бугаева // Этнолингвистика. Ономастика. Этимология: материалы Междунар. конф. (8–12 сент. 2009 г.). — Екатеринбург: Изд-во Урал. ун-та, 2009. — С. 37, 38. — Режим доступа: <http://hdl.handle.net/10995/47665>
- 6 Park C. Cris. Sacred Worlds: An Introduction to Geography and Religion? The Routledge / C. Park Cris. — 1994. — Access mode: https://zodml.org/sites/default/files/%5BChris_Park%5D_Sacred_Worlds_An_Introduction_to_Geo_0.pdf.
- 7 Коренева Ю.В. Онимы в концептосфере преподобнического жития / Ю.В.Коренева // Вестн. МГОУ. Сер. Русская филология. — 2013. — № 3. — С. 11-15.
- 8 Мәкімбай Ж.М. Сакралды орындар мен кеңістікті зерттеудің әлеуметтік өмірге қажеттілігі / Ж.М. Мәкімбай // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. Әлеуметтану және саяси ғылымдар сериясы. — 2021. — №2(74). — Б. 117-122.
- 9 Усубалиева С.Д. Перспективы развития сакрального туризма в Казахстане / С.Д. Усубалиева, А. Уайсова, Г.М. Тусупбекова, Ж.А. Абылкасимова, Н.А. Калганбаев // Вестник КазНПУ имени Абая. Серия социологические и политические науки. — 2021. — № 3 (331).
- 10 Назарбаев Н. «Болашаққа Бағдар: Рухани Жаңғыру» [Электрондық ресурс] / Н.Назарбаев. — Қол жеткізу режимі: https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy.
- 11 Қасиетті Қазақстан. Энциклопедия [5 томдық] / Жау. ред. Ә. Ғарифолла. — Алматы: «Арыс» баспасы, 2017.
- 12 Мадиева Г.Б. Теория и практика ономастики: учеб. пос. / Г.Б. Мадиева, В.И. Супрун. — Алматы: Қазақ университеті; Волгоград: Изд-во Волгоград. гос. соц.-пед. ун-та «Перемена», 2015.
- 13 Мәскеу орталық жерлеу қызметі [Электрондық ресурс] // Әлемнің ең танымал зират кешендері. — 2017. — Қол жеткізу режимі: <https://ritual.ru/poleznaya-informacia/articles/samye-izvestnye-kladbishcha-mira/>.
- 14 Рысқали Ә. Киелі жерлер картасы [Электрондық ресурс] / Ә. Рысқали // Егемен Қазақстан, 2017. — 16 тамыз. — Қол жеткізу режимі: <https://egemen.kz/article/156936-kieli-dgerler-kartasy>.
- 15 Озғанбаев Ә. Киелі жерлерге – жүйелі таным [Электрондық ресурс] / Ә.Озғанбаев // Егемен Қазақстан, 2018. — 13 наурыз. Қол жеткізу режимі: <https://egemen.kz/article/166014-kieli-dgerlerge-%E2%80%93-dguyeli-tanym>.
- 16 Kudaibergenova D. “Imagining Community” In Soviet Kazakhstan. An Historical Analysis Of Narrative On Nationalism In Kazakh-Soviet Literature” / D. Kudaibergenova // Nationalities Papers: The Journal Of Nationalism And Ethnicity. — 2013. DOI:10.1080/00905992.2013.775115.

Ж.А. Агабекова, А. Маликов

Сакральная трансформация некронимов

В научном сообществе ученые из самых разных областей активно участвуют в изучении священных мест по всему миру. Эти места обладают значительной культурной, традиционной и религиозной ценностью, часто воплощая глубоко укоренившиеся верования, суеверия и духовные концепции внутри страны или сообщества. Исследование и анализ этих святых мест дают ценное представление о богатом многообразии человеческих культур и их проявлениях. Священные места имеют огромное значение в культуре казахского народа, причем многие из этих мест тесно связаны с религиозными практиками и верованиями. Время и национальные традиции также играют решающую роль в формировании эволюции некронимов и агитопонимов. В настоящей статье исследованы ономастические следы трансформации некронимов в языке и рассмотрено более широкое глобальное явление, относительно его применения в Казахстане. Основная цель данного исследования — продемонстрировать, что трансформация названий, связанных со священными объектами в Казахстане, является не изолированным явлением, а, скорее, отражением глобального процесса. Данное исследование сосредоточено на изучении названий местных гробниц, кладбищенских комплексов, мавзолеев, мемориальных объектов и некронимов на территории Казахстана. Исследовательская работа, представленная в этом исследовании, предлагает уникальную перспективу, исследуя роль политической ситуации в Казахстане, национальной идеологии и специфических взглядов, связанных с историческими периодами, в формировании трансформации и принятия

некронимов как святых мест. В статье также проанализирован лексический фонд агитопонимов и их лексико-семантическое значение.

Ключевые слова: некронимы, сакральная трансформация, сакральные объекты, мавзолей, кладбище, религиозная мифология.

Zh.A. Agabekova, A. Malikov

Sacred transformation of Necronyms

In the scientific community, experts from diverse fields are actively involved in the study of sacred sites around the world. These sites hold significant cultural, traditional, and religious value, often embodying deeply rooted beliefs, superstitions, and spiritual concepts within a country or community. The exploration and analysis of these holy places provide valuable insights into the rich tapestry of human cultures and their expressions. Sacred places hold great significance in the culture of the Kazakh people, with many of these sites being closely tied to religious practices and beliefs. Time and national traditions also play a crucial role in shaping the evolution of necronyms and agiotoponyms. This article explores the onomastic traces of the transformation process of necronyms in language and examines the broader global phenomenon while focusing on its situation in Kazakhstan. The primary objective of this study is to demonstrate that the transformation of names associated with sacred objects in Kazakhstan is not an isolated phenomenon, but rather a reflection of a global process. Additionally, this research aims to establish a semantic and etymological classification of local sacred objects, shedding light on the linguistic and cultural dimensions of these sites. This study focuses on examining the names of local tombs, cemetery complexes, mausoleums, memorial objects, and necronyms within the territory of Kazakhstan. The research work presented in this study offers a unique perspective by exploring the role of the political situation in Kazakhstan, national ideology, and specific views associated with historical periods in shaping the transformation and acceptance of necronyms as holy places. The article also analyzes the lexical fund of builders of agiotoponyms and their lexical-semantic meaning.

Keywords: Necronyms, sacred transformation, sacred objects, mausoleums, religious mythology.

References

- 1 Podolskaya, N.B. (1978). Slovar russkoi onomasticheskoi terminologii [Dictionary of Russian onomastic terminology]. Moscow [in Russian].
- 2 Abzhanov, Kh. (2018). Sakraldi geografiia. Ol ne? [Sacred geography. What is this?]. *Egemen Qazaqstan — Sovereign Kazakhstan*. Retrieved from <https://egemen.kz/article/165526-sakraldy-geografiya-ol-ne> [in Kazakh].
- 3 (2019). Kieli me, sakraldi ma? [Holy, sacred?]. *Astana aqshami — Evening Astana*. Retrieved from <https://astana-akshamy.kz/kieli-me-sakraldy-ma/> [in Kazakh].
- 4 Otto, R. (2008). Sbiashchennoe. Ob irratsionalnom v idee bozhestvennogo i ego sootnoshenii s ratsionalnym [Sacred. About the Irrational in the idea of the divine and its relation to the rational]. Saint Petersburg: Izdatelstvo Sankt-Peterburgskogo gosudarstvennogo universiteta [in Russian].
- 5 Bugaeva, I.V. (2009). Sakralnaia onomastika v religioznom diskurse [Sacred Onomastics in Religious Discourse]. *Etnolingvistika. Onomastika. Etimologiya : materialy Mezhdunarodnoi konferentsii — Ethnolinguistics. Onomastics. Etymology: Proceedings of the International Conference*. Ekaterinburg: Izdatelstvo Uralskogo universiteta. Retrieved from <http://hdl.handle.net/10995/47665> [in Russian].
- 6 Park, C. Cris. (1994). Sacred Worlds: An Introduction to Geography and Religion. The Routledge. Retrieved from https://zodml.org/sites/default/files/%5BChris_Park%5D_Sacred_Worlds_An_Introduction_to_Geo_0.pdf.
- 7 Koreneva, Yu.V. (2013). Onimy v kontseptosfere prepodobnicheskogo zhitia [Onyms in the conceptual sphere of the Venerable Life]. *Vestnik Moskovskogo Gosudarstvennogo Oblastnogo Universiteta. Seriya Russkaia filologiya — Bulletin of the Moscow State Regional University. Series Russian Philology*, 3 [in Russian].
- 8 Makimbay, Zh.M. (2021). Sakraldy oryndar men kenistikti zertteudin aleumettik omirge qazhettiligi [The need to explore sacred places and spaces in social life]. *Abai atyndagy Qazaq ulttyq pedagogikalyq universitetinin khabarshysy. Aleumettik zhane saiasi gylymdar seriiasy — Bulletin of Kazakh National Pedagogical University named after Abai. Sociological and Political Sciences*, 2(74), 117-122.
- 9 Usubaliyeva, S.D., Uajsova, A., Tusupbekova, G.M., Abylkasimova, Zh.A., & Kalganbaev, N.A. (2021). Perspektivy razvitiia sakralnogo turizma v Kazakhstane [Prospects for the development of sacred tourism in Kazakhstan]. *Vestnik Kazakhskogo natsionalnogo pedagogicheskogo universiteta imeni Abaia. Seriya sotsiologicheskie i politicheskie nauki — Abay Bulletin of Kazakh National Pedagogical University. Sociological and political sciences*, 3(331) [in Russian].

- 10 Nazarbayev, N. (2017). Bolashaqqa Bagdar: Rukhani Zhangyru [Way of the future: Ruhani Zhangyru]. Retrieved from https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy [in Kazakh].
- 11 Garifolla, A. (Ed.) (2017). Qasietti Qazaqtan. Entsiklopediia. 5 tomdyq [Holy Kazakhstan. Encyclopedia] (Vol. 5). Almaty: "Arys" baspasy [in Kazakh].
- 12 Madieva, G.B., & Suprun, V.I. (2015). Teoriia i praktika onomastiki [Theory and practice of onomastics]. Almaty: Qazaq universiteti; Volgograd: Izdatelstvo Volgogradskogo gosudarstvennogo sotsialno-pedagogicheskogo universiteta "Peremena" [in Russian].
- 13 (2017). Maskeu ortalyq zherleu qyzmeti [Moscow central funeral service] [Electronic resource]. *Alemnin en tanymal zirat keshenderi — Famous grave complex of the world*. Retrieved from <https://ritual.ru/poleznaya-informacia/articles/samye-izvestnye-kladbishcha-mira/> [in Kazakh].
- 14 Rysqali, O. (2017). Kieli zherler kartasy [Map of the Holy area] [Electronic resource]. *Egemen Qazaqstan — Sovereign Kazakhstan*. Retrieved from <https://egemen.kz/article/156936-kieli-dgerler-kartasy> [in Kazakh].
- 15 Ozganbaev, O. (2018). Kieli zherlerge — zhyieli tanym [Systematic cognition of the holy places] [Electronic resource]. *Egemen Qazaqstan — Sovereign Kazakhstan*. Retrieved from <https://egemen.kz/article/166014-kieli-dgerlerge-%E2%80%93-dguyeli-tanym> [in Kazakh].
- 16 Kudaibergenova, D. (2013). "Imagining Community" In Soviet Kazakhstan. An Historical Analysis Of Narrative On Nationalism In Kazakh-Soviet Literature". *Nationalities Papers: The Journal Of Nationalism And Ethnicity*. DOI:10.1080/00905992.2013.775115.